

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 122 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 202 шешімі

2014 жылғы 15 тамыздағы Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісімнің 3-бабының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассилерінің электрондық паспорттары) және өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа түрлерінің электрондық паспорттары жүйелерінің жұмыс істеу тәртібін бекіту туралы" 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 122 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 2-тармақта:

"в" тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"в) өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа түрлері паспорттының бірыңғай нысанына және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 100 шешімімен бекітілген Өздігінен жүретін машинаның және басқа да техника түрлері паспортының бірыңғай нысанын толтыру тәртібіне сәйкес өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа түрлерінің паспорттарын:

Ресей Федерациясында – қоса алғанда 2022 жылғы 1 қарашаға дейін;

Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасында – қоса алғанда 2023 жылғы 31 наурызға дейін;

Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасында – қоса алғанда 2023 жылғы 31 мамырға дейін ресімдеуге жол беріледі;"

"д" тармақшадағы "жол берілмейді деп белгіленсін." деген сөздер "жол берілмейді;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы "ж" тармақшамен толықтырылсын:

"ж) 2023 жылғы 1 сәуірден бастап:

мүше мемлекеттерде дайындалған және (немесе) 2023 жылғы 31 наурыздан кейін мүше мемлекеттерде айналысқа шығарылған өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлері Тәртіпке сәйкес ресімделген электрондық паспорттары болған кезде ғана Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында тіркеледі;

Беларусь Республикасына, Қазақстан Республикасына және Ресей Федерациясына 2023 жылғы 31 наурыздан кейін бірыңғай нысан бойынша ресімделген паспорты бар өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлері жеткізілген жағдайда, оларға Тәртіпке сәйкес электрондық паспорт ресімделеді деп белгіленсін.";

б) мынадай мазмұндағы 3⁴-тармақпен толықтырылсын:

"3⁴. Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының уәкілетті органдары электрондық паспорттар немесе қоса алғанда 2023 жылғы 31 наурызға дейін бірыңғай нысан бойынша ресімделген паспорттар болған кезде айналысқа шығарылған өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлеріне қатысты тіркеу әрекеттерін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етсін, Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасының уәкілетті органдары электрондық паспорттар немесе қоса алғанда 2023 жылғы 31 мамырға дейін бірыңғай нысан бойынша ресімделген паспорттар болған кезде осындай тіркеу әрекеттерін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етсін."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді және 2022 жылғы 16 желтоқсаннан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович